

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігіндегі табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар қаруланатын қару-жарақ пен оқ-дәріні алу, тасымалдау, сақтау, есеп жүргізу және қолдану туралы Нұсқауы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар Министрлігі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1994 жылғы 2 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

I. Жалпы үлгі-ережелер

1.1. Осы Нұсқаумен Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің жүйесі қару-жарақ пен оқ-дәріні алу, тасымалдау, сақтау, есеп жүргізу және қолдану тәртібіне бағындырылған.

1.2. Әскери иір ойық ұңғылы қару-жараққа: жауынгерлік үлгідегі, немесе арнаулы тапсырыспен жасалған (пистолет, револьвер, винтовка, карабин, автомат) қарулары жатады.

1.3. Аңшылық қару-жараққа: аңшы карабині, тегіс ойықты мылтық, "әдеттен тыс" бұрандалы (ұңғысының басында және түбінде 100 - 140 мм ойықтары бар) тегіс және ойықты ұңғылы құрастырмалы мылтық, шағын калиберлі винтовка кіреді.

1.4. Калиберлі әртүрлі болып келетін иір ойықты қару-жарақ патрондары, сондай-ақ тегіс ұңғылы аңшы мылтығының патрондары және оталғыш ұнтақ (порох) дәріге жатады.

II. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің қару-жарақ пен оқ-дәріні алу тәртібі

2.1. Экология және биоресурстар министрлігі, сондай-ақ оған бағынышты ведомстволық органдары Қазақстан Республикасының аумағындағы қоршаған табиғи ортаны қорғау және Бақылау жасауды жүзеге асыруда мемлекеттік инспекторларды қаруландыру үшін N 1-ші қосымшада көрсетілген тізімге сәйкес қару-жарақ пен оқ-дәріні алады.

2.2. Барлық қару-жарақ пен оқ-дәріні Ішкі істер органдарының рұқсатымен алынып, Экология және биоресурстар министрлігінің орталық аппаратында сақталады.

2.3. Әскери үлгідегі қару-жарақ пен оқ-дәріні Қорғаныс министрлігі арқылы орталықтандырылып алынады. Облыстық, сондай-ақ қалалық экология және

биоресурстар басқармаларының бастықтары қажетті қару пен оқ-дәріні саны көрсетілген өтінішті үстіміздегі жылғы маусымның 1-нен кешіктірмей Экология және биоресурстар министрлігіне жолдайды.

2.4. Бұл өтінішті экология және биоресурстар басқармасының атауы, оның мекен-жайы, индексі, алу мақсаты, сондай-ақ қару-жарақ пен оқ-дәріні қажет ететін команданың жалпы саны атап көрсетіледі.

Экология және биоресурстар министрлігіне жолданатын өтінішті облыстың (қаланың) бас мемлекеттік инспекторлары бекітеді және мөр басу арқылы куәландырылады. Оған N 2-ші қосымшадағы үлгі бойынша мәліметтер тіркеледі.

2.5. Өтініштерді Экология және биоресурстар министрлігіне жолдаудан бұрын экология және биоресурстар басқармалары тұрған жеріндегі: Алматы қалалық ішкі істер басқармасының, облыстардағы ішкі істер басқармаларының, Ленинск қалалық ішкі істер басқармасының басшыларымен алдын ала келісім жасауы тиіс және "рұқсат" деген арнайы мөрмен куәландырылуы қажет.

2.6. Экология және биоресурстар министрлігі облыстық экология және биоресурстар басқармаларының мәліметтерінің (N 2-ші қосымша) бір данасын қоса тіркеп, шілденің 1-не дейін жиынтық (сводная) өтінішті Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне жолдайды.

2.7. Қорғаныс министрлігі келіп түскен жиынтық өтінішке сәйкес қоршаған ортаны қорғау және пайдалануға бақылау жасау жөніндегі бас басқармаға әскери округтердің қоймаларынан қару-жарақ пен оқ-дәрі алуға рұқсат берілген жылына бір рет наряд жөнелтеді.

Ішкі істер органдары көрсетілген нарядтар негізінде қару-жарақ пен оқ-дәріні алуға рұқсат қағазын береді.

2.8. Аңшылық ойықты қару-жарақтар Ішкі істер органдарының рұқсатымен соларды шығаратын заводтардан алынады.

2.9. Қоршаған ортаны қорғау және пайдалануды бақылау жөніндегі бас басқарманың қызметкерлерін қаруландыруға арналған қару-жарақтың түрі мен саны қарулану тізіміне (N 1-ші қосымша) сәйкес Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен келісім бойынша белгіленеді.

III. Штаттағы қызмет бабындағы қару-жарақ пен оқ-дәріні тасымалдау тәртібі

3.1. Штаттағы қызмет бабындағы қару мен оқ-дәріні әуе, теміржол, су жолы және автомобиль транспортымен тасымалдау ішкі істер органдарының рұқсатымен жүзеге асырылады.

Аудан, қала маңынан тасымалданған жағдайда қашықтығының қаншалықты екеніне қарамастан ішкі істер органдарының рұқсаты талап етілмейді.

3.2. Бұрын қару-жарақ пен оқ-дәріні тасымалдаушы ұйымның жеріндегі ішкі

істер органы 3 ай мерзім ішінде рұқсат береді.

3.3. Қару-жарақ пен оқ-дәріні тасымалдауға рұқсат ететін ұйым басшысының жазбаша түрдегі өтініші негізінде мыналар көрсетіледі:

- тасымалданатын жүктің атауы мен саны;
- транспорт түрі мен бағыты; тасымалдаудың бастапқы және соңғы тірегі (п у н к т і) ;
- жүкті тасымалдау мен жол бойы күзетуге жауапты адамның фамилиясы, аты-жөні, төлқұжаттың нөмірі мен сериясы.

Бұл жазбаша өтінішке қоса, әр қарудың завод таңбаланған нөмірі мен маркасы көрсетілген тізім де жіберіледі.

3.4. Ұйым басшысы қару-жарақ, оқ-дәріні аңшы мылтығына арналған оталғыш ұнтақтармен (порох) оқталған патрондарды автомобиль транспортымен тасымалдау кезінде оған жауапты адамды тағайындайды және соған сәйкес жол бойы қорғап жүретін қарулы күзетпен қамтамасыз етеді.

3.5. Қару-жарақ пен оқ-дәріні, сондай-ақ аңшы мылтығына арналып, оталғыш ұнтақтармен (порох) оқталған патрондарды автомобиль транспортымен тасымалдау кезінде, егер, жол жүру 12 сағаттан асатын болса, ұйым басшысы жүкпен ілесіп жүруге кем дегенде қару жарағы бар екі адамды тағайындайды. Тасымалдауға жабық машина бөлінуі керек. Ал оталғыш ұнтақтар (порох) болса, автомобильдің еденіне киіз, болмаса басқа да жарамды материал төселеді.

Қару-жарақ пен оқ-дәріні сүргіш соғылатын, не-қорғасын мөр тағылатын жәшіктерге салынуы тиіс.

3.6. Теміржол мен су қатынасы жолы арқылы тасымалданатын оқ-дәрі мен оталғыш ұнтақтың (порох) қол жүгінің саны мынадай салмақтан аспауы тиіс:

3.6.1. Қару-жарақ пен газды қарудың барлық калибрлі патрондары - 10 кг.

3.6.2. Түтінсіз оталғыш ұнтақ - 5 кг.

3.6.3. Түтінді оталғыш ұнтақтан жасалған заттар - 5 кг.

3.6.4. Түтінді оталғыш ұнтақ - 5 кг.

Ескерту: Қол жүгін тасымалдауға рұқсат қағазында жүктің ыдыссыз таза салмағы (металл гильзалар, жәшік және басқа да жүк бұған кірмейді) ғана көрсетіледі.

3.7. Қару, оқ-дәрі, оталғыш ұнтақтарды (порох) почта арқылы жөнелтуге тиым салынады.

Ескерту: "Динамо" қоғамының, әскери аңшылар қоғамының, аңшылар және балықшылар қоғамының аудандық, қалалық, облыстық және республикалық басқармаларына мылтық жөндейтін шеберханалар, не оны жасап шығарған завод мекен-жайына аңшы мылтығының кейбір бөлшектерін посылкамен салуға, болмаса олардан алуға рұқсат етіледі. Осы мәселе бойынша мылтық иелері балықшылар мен аңшылардың тиісті қоғамына хабарласқаны жөн.

3.8. Штаттағы қызмет бабындағы қару, оқ-дәрі, оталғыш ұнтақты (порох) қалалық транспортпен тасымалдау осы транспорт түріне белгіленген ережелерге сәйкес жүргізіледі. Жөнелту, болмаса тасымалдау кезінде қарудың оғы алынып, өзі арнайы қапқа, ал оқ-дәрілер мықты жәшіктерге салынуы қажет.

IV. Қару-жарақ пен оқ-дәріні сақтау, есеп жүргізу және қолдану тәртібі

4.1. Қару-жарақ осы Нұсқаудың 2.1. тармағындағы көрсетілген мақсатпен алынған жағдайда ведомстволық түрге жатқызылады.

Осы Нұсқаудың 4.10. тармағында көрсетілген жағдайдан басқа орынсыз қолдануға, басқа бөгде адамға беруге, біреуге сатуға, қызметкердің үйінде сақтауына тиым салынады.

4.2. Алуға, қажет болған жағдайда тасымалдауға рұқсатты қару мен оқ-дәріні босататын ұйымның тұрған жеріндегі ішкі істер органы береді. Ведомстволық қару-жарақ пен оқ-дәріні бір ұйымнан екіншісіне беру ісі қандай ведомстволық құрамда екеніне қарамастан тек ішкі істер органдарының рұқсат етуімен ғана жүргізіледі. Қару, немесе оқ-дәріні беруші ұйым есепте тұрған қарудың санын, маркасын, әрбір қарудың нөмірін, оқ-дәрінің саны мен калиберін көрсетіп, ішкі істер органына 15 күн ішінде жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Қаруды сақтауға қажетті құжаттарды қайта дайындау үшін рұқсат сұраған қағаз хабарламамен бірге тіркеледі.

4.3. Қару-жарақ сақтауға ішкі істер органының қай күннен бастап күшіне енетін уақыты көрсетілген рұқсаты беріледі және ұйым жетекшісіне, болмаса ол сеніп қолхат тапсырған өкіміне төлқұжаты бойынша қару-жарақ босатылады. Қару-жарақты сақтауға рұқсат алған ұйым жетекшісі ауысатын болса, рұқсат қағаздың пайдалану мерзімі өтіп кеткен жағдайда, сондай-ақ ұйымның мекен-жайы, атауы, қарудың саны, немесе сақтайтын орны өзгерсе 10 күн мерзім ішінде ішкі істер органында құжаттар қайта дайындалуы (толтырылуы) тиіс.

4.4. Ұйым жетекшісі қару алған уақыттан бастап 10 күн мерзім ішінде оны сақтау үшін ішкі істер органынан рұқсат сұрауға міндетті. Қаруды сақтауға құқылы рұқсаттың негізіне ұйым жетекшісінің мына төмендегідей мәліметтері а та п к ө р с е т і л у і қ а ж е т :

- алынған қару-жарақтың саны туралы (әр қарудың жүйесі, калибері, нөмірі, ж а с а л ғ а н ж ы л ы) ;

- қаруды сенімді сақтау үшін нақты жағдай туралы (орын-жайды баяндау, сақтаудың техникалық құрал-жабдығы, нақтылы күзет);

- қаруды сақтауға және қолдануға жауапты жетекшісі қаруға рұқсаты бар адамдар, оған қоса күзет қызметшілері туралы (ф.а.ж, туған уақыты мен жері, алдындағы еңбек қызметі жайында мәлімет көрсетілген жұмыста аталған адамның денсаулығы жарамды екенін куәландыратын дәрігерлік қорытынды)

наркологиалық, нерв жүйесі, диспансерлік .

Қару-жарак пен оқ-дәріні сақтау үшін жауапты адамды тағайындау туралы ұйым жетекшісі бұйрығының көшірмесі өтінішке қоса тіркеледі.

4.5. Қару-жаракты сақтауға арналған орын-жайды (помещение) ашу кезінде объектіні ашушы ұйым, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау мекемесі мен ұйымның, мемлекеттік өрт сөндіруді бақылау органы мен милиция өкілі құрамына кіретін комиссия мүшелері әзірлеген орын-жайдың жарамдылығы туралы актісі өтінішке қоса жіберіледі.

4.6. Ведомстволық қару-жаракты сақтау үшін рұқсат ішкі істер органында мекеме басқармасының бастығының атына үш жыл мерзімге беріледі.

4.7. Ведомстволық қару-жарак және оның оқ-дәрілері арнаулы жабдықталған орындарда сақталады. Сондай-ақ төмендегідей талаптарға сай болуы тиіс:

- едені мен төбесі мықты, қабырғасы берік, қызмет бабындағы және қосымша бөлмелерден мүлдем оңаша болуы тиіс, ішкі қабырғалары қалыңдығы 80 мм бетон панельмен қаланып, оның әр қайсысының арасы болат шарбақ, немесе қалыңдығы кем дегенде 120 мм кірпіш қабырғамен, арматуралы металл тормен бөлінуі керек. Бұрынғы салынған орындарды темір шарбақпен қоса ағаш тақтаймен бөлуге рұқсат ететін;

- мықты да берік ілгекті екі есігі болу керек. Оның сыртқысы қалыңдығы 40 мм-ден кем емес біркелкі тақтайдан жасалып, екі жағы да төбеге жабатын цинкті қаңылтырмен қапталып, қаңылтырдың шеті есіктің ішкі жағына қайырылады. Ал екінші есік орнына болат шарбақ орнатылады. Сыртқы есік жақтаудан жабылатын екі құлыппен құлыпталып, қорғасын мөр тағылады. Ал ішкі шарбақты есік жақтаудан жабылатын, немесе іліп қоятын құлыппен бекітіледі. Қару сақталатын орын-жайдың есігінің жақтауы (кесегі) болат материалдан жасалады .

Бұрынғы салынған ғимараттарда қалыңдығы 5 мм, ұзындығы 30-40 мм бұрыштық материалмен бекіткен ағаш жақтау (кесек) қоюға рұқсат берілетін. Ол жақтау (кесек) ұзындығы 120-150 мм, диаметрі 10-12 мм болат арматурадан соғылатын 10 шегемен қабырғаға ойық арасына орнатылатын;

- терезенің ішкі жағында, немесе әйнекті рамалар арасына шарбақтар қойылады. Егер, орын-жай 1-ші қабатта орналасса, терезе ойықтарының ішкі жағына темір, не ағаш жақтау қойылып, екі жағы да цинктелген қаңылтырмен қапталған қақпақ орнатылады. Терезе ойығындағы шарбақтардың шабық ұштары қабырғаға кемінде 80 мм тереңдікке қағылып, ол бетон лаймен мықтап қатырылады. Ойықтағы терезе қақпақтары іліп қоятын құлыппен бекітіледі.

Есік-терезе ойықтарына қоятын және қабырғаны сенімдірек ететін орын-жайды бөлетін шарбақтар диаметрі кемінде 15 мм білеу болат шыбықтан жасалады. Шыбықтың әр қиылысқан тұсы дәнекерленіп 150x150 мм шаршы

қ ұ р а с т ы р ы л а д ы ;

- қару мен оқ-дәрі сақталған шкаф пен темір сейфтің қақпағы ашылғанда, немесе оны бұзғанда, сондай-ақ орын-жайдың ішіне адам кірген сәтте төбе мен еденнен, қабырға мен люктен, есік пен терезеден электр көзінің қорабына жымын білдірмей желі тартылған арнайы датчик қойылған өрттен сақтау дабылқақышы кем дегенде екі жерге орнатылады. Бұл орын-жайлар орталықтан бақылайтын пультке белгіленген тәртіпке сай қосылып, ішкі істер органының күзет бөліміне тапсырылуы тиіс. Мұндай объектілерді ішкі істер органына орталықтан бақылау пультіндегі дабылқақышқа қосуға мүмкіндік болмаса, қатты үн шығаратын (сирена) қондырғыны орын-жайдың сыртқы қабырғасына бөлек орнатып, ұйымның жақын жердегі күзет орнына желі арқылы тартылады;

желдеткіш терезе, люк болған жағдайда осы жүйе арқылы бөгде біреу кіре алмас үшін көлемі 100x100 мм болат шарбақ қойылуы тиіс. Қабырғадағы инженерлік тармақтар өткізуге арналған тесіктердің диаметрі 200 мм аспауы к е р е к ;

- қару-жарақ пен оқ-дәрі сақтау үшін бөлмеде өртке қарсы қолданылатын құрал-сайман, нөмірі мен қандай мөр басылғандығы көрсетілген темір жәшік, сейф, шкафтар тізімі бар мүлік хатталған журнал болуы керек;

- қару бөлмесі мен қару-жарақ, оқ-дәрі салынған темір шкафтың (сейфтің) екіден кілті болуға тиіс. Оның біреуі қару-жарақ пен оқ-дәрі сақтауға жауапты адамда тұрақты жүрсе, екіншісі - құтыға (пенал) салынады да аузына мөр басылып, сақтауға рұқсат берілген ұйым жетекшісінде болады. Қару бөлмесінің, қару-жарақ оқ-дәрі салынған темір шкафтардың кілттерін стол үстінде, басқа орындарда тастап кетуге тиым салынады.

4.8. Қару-жарақтар мен оқ-дәрілер берік құлып орнатылған қабырғасының қалыңдығы кем дегенде 3 мм темір шкафтарда (сейфтерде) сақталуы қажет. Шкаф қақпақтары берік болуы үшін болат жапсырма, немесе бұрыштық т е м і р м е н б е к і т і л е д і .

Шкаф қақпағының ішкі жағында қарудың нөмірі жазылған тізім хаттама б о л у ы т и і с .

Қару-жарақты бір ғана құлпы бар ауыр сейфтерде сақтауға жол берілмейді.

4.9. Қару-жарақ пен оқ-дәріні бірге сақтауға тиым салынады. Қару-жарақ қажетті оқ-дәрілер бөлек жердегі темір жәшікте, шкафта сақталады.

Қаруды майлауға және тазартуға арналған бұйымдар: сүртетін шүберек, басқа да материалдар, жағатын май, сілті арнайы бөлінген орында бөлек сақталады.

4.10. Экология және биоресурстар министрлігінің Қоршаған табиғи ортаны қорғау және пайдалануды бақылау жасау бас басқармасының қызметкерлеріне ішкі істер органдарымен келісім бойынша ведомстволық иір ойықты және тегіс ұңғылы қару-жарақтарын, карабин, винтовка, мылтықтарын, пистолеттерін (

тапанша) және оларға қажетті оқ-дәрілерді тұрған жерінде (үйінде) сақтауға рұқсат етіледі.

Ол үшін иір ойықты мылтықтар берік құлыптары (кемінде екі) бар, қабырғасының қалыңдығы 3 мм-ден кем емес, еден, болмаса қабырғаға қозғалмастай мықтап орнатылған темір жәшіктерде (шкафтарда) сақталуы тиіс.

4.11. Ведомстволық қаруды асынып жүру үшін ішкі істер басқармасының "Қызмет бабындағы міндеттерді шынайы орындап жүр" деген штампты соғылған рұқсат қағазы 3 жыл мерзімге беріледі.

4.12. Милиция органының ведомстволық қаруды сақтау және асынып жүруге құқықты рұқсат етілген адамға ғана 2.1. тармағына сәйкес қару босатылады. Осы Нұсқау және материалдық тараумен толық танысқан соң ғана қолхатпен қару беріледі.

4.13. Қару-жарақ пен оқ-дәріні берген қызмет бабындағы міндеттерді атқару кезінде босатылған және қабылданғаны жазылатын журнал нөмірленіп, жіппен тігіледі (прошуровываются), сондай-ақ оған жергілікті ішкі істер органының куәландырған мөрі басылады (N 5-ші қосымша). Қару-жарақ пен оқ-дәрінің есебі жүргізілетін кітапша нөмірленіп, жергілікті ішкі істер органының мөрімен куәландырылады (N 6-шы қосымша).

4.14. Ұйым одан әрі қолдануға жарамсыз ведомстволық қару-жарақты (оның ішінде аңшылық тегіс ұңғылы мылтықтар) алдында рұқсат еткен ішкі істер органына жаңасын алу, болмаса сақтау үшін өткізеді.

4.15. Ұйымдар одан әрі қолдануға жарамсыз штаттағы қызмет бабындағы қару-жарақ және оқ-дәрілерді Алматы қалалық ішкі істер басқармасындағы шаруашылық бөлімінің, облыстық ішкі істер басқармаларының, транспорттық және Ленинск қалалық ішкі істер басқармасының қоймаларына тапсырады. Иесінің келісімі бойынша қолдан жасалуы (имитационное) мүмкін, немесе жойылады.

Ұйымның қарамағындағы штат пен қызмет бабында одан әрі қолдануға жарамды, бірақ артық қару мен оқ-дәрі осыған дейін алған орынға қайта тапсырылады, немесе ішкі істер органының рұқсатымен басқа ұйымға беріледі (сатылады).

4.16. Спорт жарыстарындағы оқу-жаттығу (іс жүзінде мылтық ату) мақсатында, болмаса қызмет бабымен асынып жүрген уақытта қаруды қолдану нәтижесінде жұмсалған, сондай-ақ жоғалған оқ-дәрілер үлестіру және қабылдау тізімі қосымшасымен (N 8-ші қосымша) қажет болған жағдайда қару мен оқ-дәріні қолдану немесе жоғалту себептері туралы қызмет бабындағы тексерудің материалдары негізінде актіленіп (N 7 қосымша), есептен шығарылады.

Акті келесі күннен қалдырылмай жасалып, оны ұйым жетекшісі бекітеді және

қару мен оқ-дәріні сақтауға жауапты адамға тапсырылу тиіс.
Есеп жүргізу кітапшасында оқ-дәрінің жұмсалғандығы туралы белгі соғылады

Оқу-жаттығу бойынша мылтық ату жылына бір рет міндетті түрде сынақ (зачет) тапсыру арқылы өткізіледі.

4.17. Қызмет бабындағы міндеттерді орындау кезінде жұмсалған оқ-дәрілер нақтылы шығынмен есептеліп шығарылады. Қоршаған ортаны қорғау және пайдалануға бақылау жасау жөніндегі Бас басқарма жүйесінің қызметкерлері үшін оқ-дәрілер N 9-шы қосымшада келтірілген.

4.18. Қару-жарақпен оқ-дәрінің дұрыс қолдануына және сақталуына, есеп жүргізу жағдайына ұйым жетекшісі, сондай-ақ қару мен оқ-дәрі жоғалып, болмаса ұрланатын болса бұл жайында жергілікті ішкі істер органына дереу хабарлауға және оларды іздестіруге шара қабылдауға міндетті жекелей рұқсаты бар адам жауап береді. Ұрланған, болмаса жоғалған қару мен оқ-дәріні есептен алып тастау негізі - тексеріп, жауап алған лауазымды адамның қаулысы болып табылады.

N 1-ші қосымша

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігіндегі табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары қаруланатын ведомстволық қарулардың

Тізімі

Рет саны	Лауазымы	Қапты қару	Карабин	Тегіс ұңғылы
NN		(к о б у р а)	

I. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің орталық аппараты				
1.	Қазақстан Республикасының табиғат жөніндегі мемлекеттік басқарманың 1-ші орынбасары	қорғау	инспекторы	1
2.	Қазақстан Республикасының табиғат жөніндегі мемлекеттік басқарманың орынбасары - мемлекеттік бақылау жөніндегі басқарманың бастығы	қорғау	инспекторының	1
3.	Қазақстан Республикасының табиғат жөніндегі мемлекеттік бақылау жөніндегі	қорғау	аға инспекторы	1
	мемлекеттік бақылау жөніндегі	бас	басқарма	

		б а с т ы ғ ы н ы ң		о р ы н б а с а р ы	
4.	Қазақстан Республикасының табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік аға инспекторы - мемлекеттік бас басқарманың бөлім бастығы				1
	II. Облыстық (қалалық) басқарма				
1.	Облыстың (қаланың) табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторы - басқарма бастығының орынбасары				1
2.	Облыстың (қаланың) табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік аға инспекторы - бөлім бастығы				1
3.	Облыстың (қаланың) табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы - облыстың мемлекеттік бақылау бөлімінің бас және жетекші мамандары				1
	III. Аудандық басқарма				
1.	Аудандық табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторы - аудандық басқарманың бастығы				1
	IV. Мемлекеттік қорықтар				
1.	Облыстық табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік аға инспекторы - мемлекеттік қорық директоры	1			1
2.	Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор - директордың орынбасары	1			1
3.	Ауданның табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік аға инспекторы - күзет бастығы	1			1
	- күзет инженері			1	1
	- өрт сөндіру бөлімінің бастығы			1	1
	- аға аңшы			1	1
4.	Ауданның табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы - аңшы	1	1		болмаса
					Орман шаруашылығы комитеті

Рет саны	Лауазымы	Қапты қару (кобура)	Карабин	Автомат	Тегіс ұңғылы аңшы мылтығы
1	2	3	4	5	6

I. Орталық аппарат

1.	Т ө р а ғ а		1
2.	І-ші орынбасары		1
3.	Төрағаның орынбасары		1
4.	Ерекше қорғалатын аумақ және орманды сақтауды қорғау басқармасының бастығы, басқарма бастығының орынбасары		1
5.	Аңшылық шаруашылық басқармасының б а с т ы ғ ы		1
6.	Аңшылық шаруашылық басқармасы бастығының орынбасары	1,	болмаса 1
7.	Аңшылық шаруашылықтың бас аға маманы	1, 1	болмаса
2. Орман шаруашылығы өндірістік бірлестігі			
8.	Б а с д и р е к т о р		1
9.	Б а с о р м а н ш ы		1
10.	Мемлекеттік бақылау басқармасын. дағы аңшылық шаруашылық б а с т ы ғ ы		болмаса бөлімінің 1 1
11.	Аң шаруашылығын жүргізуші (охотовед); (І-ші және ІІ-ші категориялы)	1 1	болмаса
3. Орман шаруашылығы бірлестігі, кәсіпорын, заказник, ормандағы аңшылық шаруашылығы, орманшылық (учаске), мемлекеттік шаруашылық ұлттық бақтар, орман қорғау станциясы			
12.	Станция бастығы, директоры		1
13.	Б а с о р м а н ш ы		1
14.	Ағаштардың өзгерісін (лесопатолог) аға инженер		бақылайтын 1
15.	Орман қорғау инженері		1
16.	Аң шаруашылығын жүргізуші а ғ а)		(бас), 1 1
17.	Орманшы, оның көмекшісі		1
18.	Орман шебері		1
19.	Аң аулау учаскесінің бастығы	1	1
20.	Орманшы	1	1
21.	Аға аңшы, аңшы	1 1	
4. Орманды авиациямен қорғау			

22. Авиациямен орман қорғау орталық базасының бастығы 1
23. Авиациялық бөлімше бастығы 1
24. Аға байқаушы (бақылаушы)-ұшқыш 1
5. Орманды орналастыру және іздестіру партиялары (отрядтары)
25. Партия (отряд) бастығы 1
26. I-ші категориялы инженер 1
27. II-ші категориялы инженер 1
28. Инженер 1

III. Жан-жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас басқарма

Рет саны N	Лауазымы	Қапты қару (к о б у р а)	Автомат винтовка	Карабин
---------------	----------	-----------------------------	--------------------------	---------

1. Орталық аппарат

1. Жан-жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас басқарманың бастығы 1, болмаса 1
2. Қазақстан Республикасының жан-жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы - бас басқарма бастығының орынбасары 1, болмаса 1
3. Қазақстан Республикасының жан-жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік аға инспекторы 1, болмаса 1
4. Қазақстан Республикасының жан-жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы - бөлім бастығының орынбасары, бас маман, I-ші категориялы маман, II-ші категориялы маман 1, болмаса 1
5. Жан-жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі арнаулы отрядтың жүргізуші инспекторы 1, болмаса 1

2. Жан-жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі облыстық мемлекеттік инспекция

1. Жан-жануарларды қорғау жөніндегі облыстық мемлекеттік инспекция бастығы 1, болмаса 1
2. Облыстық жан-жануарлар дүниесін қорғау

- жөніндегі мемлекеттік аға инспекторы -
облыстық мемлекеттік инспекцияның
бөлім бастығы 1, 1, болмаса 1
3. Облыстық жан-жануарлар дүниесін қорғау
жөніндегі мемлекеттік инспекторы -
бас маман, жетекші маман, сектор
меңгерушісі, I-ші категориялы маман,
II-ші категориялы маман 1 1, болмаса 1
4. Жедел топтың жүргізушісі - инспекторы 1 1, болмаса 1
- IV. Өзен, көлдердегі балық шаруашылығын табиғи
пайдалануға бақылау және балық қоры жөніндегі
б а с б а с қ а р м а

Рет с а н ы N	Лауазымы	Қапты қ а р у (к о б у р а)	Карабин
--------------------	----------	---	---------

I. Орталық аппарат

1. Қазақстанның балық қорғау жөніндегі
б а с б а с қ а р м а б а с т ы ғ ы 1
2. Бас басқарма бастығының I-ші орынбасары 1
3. Өзен-көлдердегі балық шаруашылығы
биоресурстарын қорғау бөлімі бастығының
о р ы н б а с а р ы 1
4. Өзен-көлдердегі балық шаруашылығы
биоресурстарын қорғау бөлімінің бастығы 1
5. Балық қорғау жөніндегі Орталық жедел
инспекциясының бастығы 1
6. I-ші категориялы маман 1
7. II-ші категориялы маман 1
8. Жетекші маман 1
9. Маман 1

II. Балық қорғау жөніндегі облыстық және облысаралық мемлекеттік инспекцияның бассейндік (Орал-Каспий балық қорғау, Балқаш балық қорғау) басқармасы

1. Басқарма бастығы 1
2. Бастықтың I-ші орынбасары 1
3. Бастықтың орынбасары 1
4. Облыстық балық қорғау инспекциясының

	б а с т ы ғ ы	1
5.	Балық қорғау бөлімінің бастығы	1
6.	Бөлім бастығының орынбасары	1
7.	Мемлекеттік аға инспектор - бас маман	1
8.	Мемлекеттік инспектор - жетекші маман	1
9.	Мемлекеттік инспектор - I-ші категориялы маман	1
10.	Мемлекеттік инспектор - II-ші категориялы маман	1

Оқ-дәрілердің есепті мөлшері

Рет саны	Қарудың атауы	Патрон саны		
N		Әр қарудың төмендетуге болмайтын қоры	Бір жылда жұмсалатын іс жүзінде атыс атылуын тексеру	
1.	Пистолет (тапанша)	24	8	4
2.	Автомат	150	60	18
3.	Карабин	30	10	5
4.	Тегіс ұңғылы қару	10	8	18

Ескерту: 1. Кестелік штат бойынша бекітілген қызметкерлердің жалпы санынан қару саны артық болмауы қажет. Ол үшін он қаруға қосымша тағы біреуі сақталады.

2. II-ші тараудың 20-шы тармағы бойынша қорғауға (орманшыға) ведомстволық тегіс ұңғылы қару бекітілген жағдайда, қапты (кобуралы) қару берілмейді.

3. III-ші тарау бойынша балық қорларын қорғау жөніндегі бассейндік және облыстық мемлекеттік инспекцияларда үш автомат пен бір мылтықты артық ұстауға рұқсат беріледі.

4. Аң аулау маусымына мемлекеттік аңшылық шаруашылығына иір ойықты (автомат, карабин) қарудың 10 данасын және тегіс ұңғылы (құрастырмалы) аңшы мылтығының 10 данасын ұстауға рұқсат етіледі.

№ 2 - ш і қ о с ы м ш а

К Е Л І С Е М І Н

(Ішкі істер министрлігі,
ішкі істер басқармасы)
" " _____ 1994 ж.

М . О .

(Қолы)

Қару мен оқ-дәрінің қолда бар және қажетті
с а н ы т у р а л ы

Мәліметтер

1. _____
(кәсіпорынның, ұйымның атауы, толық мекен-жайы, почталық

и н д е к с і)

2. Күзет түрі _____

3. Ішкі және сыртқы күзет орындарындағы (әр қайсысы бөлек)
команда саны: _____

4. Қару ұстауға тиісті (тізімге сәйкес адам саны: _____

5. Қару мен оқ-дәрінің қолда бар саны:

5.1. Винтовка _____ 5.2. Карабин _____

5.3. Пистолет(тапанша) _____ 5.4. Револьвер _____

Патрондар: _____

(әр қару бойынша бөлек)

6. Жарамсыз болғандықтан қайта тапсырылатын қару мен оқ-дәрі
саны: _____

6.1. Винтовка _____ 6.2. Карабин _____

6.3. Пистолет (тапанша) _____ 6.4. Револьвер _____

Патрондар: _____

(әр қару бойынша бөлек)

7. Қ а ж е т т і с а н ы :

7.1. Қару - жарақтардікі:

7.1.1. Винтовка _____ 7.1.2. Карабин _____

7.1.3. Пистолет(тапанша) _____ 7.1.4. Револьвер _____

7.2. О қ - д ә р і л е р :

7.2.1. Төмендетілмейтін қор

(әр қару бойынша бөлек)

№ 3-ші қосымша

Ұйым штампы _____

Бастығына _____

қызмет ететін _____

(ұ й ы м н ы ң а т а у ы)

Қолда бар қару-жарақ туралы мәліметтерді жолдап отырмыз. Осы қаруды тіркеп, оны сақтауға және қолдануға рұқсат етуіңізді с ұ р а й м ы з .

(Аты-жөні, фамилиясы)

қаруды дұрыс сақтау және қолдану жауапкершілігі жүктеледі. Және ол жөнінде төмендегідей мәліметтерді хабарлаймын:

Туған жылы: _____

Туған жері _____

Қызмет лауазымы _____

Төлқұжаттың сериясы _____

N _____ берген органы _____

Қызметінің мекен-жайы, телефоны: _____

Үйінің мекен-жайы, телефоны _____

Ұйым жетекшісінің қолы _____

N 4-ші қосымша

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінде табиғатты қорғау ісі бойынша қызмет бабындағы міндеттерін орындау кезінде қаруларды асынып жүруге рұқсат етілген мемлекеттік инспекторлардың

Т і з і м і

Рет саны	Ф.А.Ж.	Лауазымы	Туған жылы	Төлқұжаты, кім, қашан	Тұратын жерінің	Тиісті қарудың түрі
N		атағы		берген	мекен-жайы	
1	2	3	4	5	6	7

Ескерту: бұл тізімге лауазымға тағайындалғаны туралы бұйрықтың куәландырылған көшірмесі қоса тіркеледі.

Ұйым жетекшісі _____

№ 5 қосымша

_____ қару мен
(ұйымның атауы және мекен-жайы)
оқ-дәрі үлестіру және қабылдау туралы

Журналы

Үлестірудің айы-күні мен уақыты	Қару мен оқ-дәрі алған адамның аты-жөні және фамилиясы	Қарудың атауы	Қарудың нөмірі
1	2	3	4
Оқ-дәрінің берілген саны	Қару мен оқ-дәріні қандай мақсатпен берілді	Алушының қару ұстау мен қолдану жөніндегі ережемен танысқан туралы қойылған қолы	Қару мен оқ-дәріні алғандығы туралы қойылған қолы
5	6	7	8
қару мен оқ-дәріні өткізгендігі туралы белгі			
Қару нөмірі	Оқ-дәрінің саны	Өткізудің айы-күні мен уақыты	Қарумен оқ-дәріні қабылдағаны жөнінде қойылған қолы
9	10	11	12

№ 6-ші қосымша

_____ (ұйым, кәсіпорын, оқу орнының атауы)

Кәсіпорын мен ұйымдардағы, мекемедегі
және оқу орындарындағы қару-жарақ пен
оқ-дәріні есепке алу

Кітапшасы

Рет саны	Айы-күні, кіріс құжатының атауы,	Кеміді(жөндеуге) тапсырылды, қайда	Есепке алынғаны	
N	нөмірі	және қандай ұйымға берілді	Пистолеттер	
			Барлығы	Маркасы
			калибері, нөмірі	
1	2	3	4	5

Е с е п к е а л ы н ғ а н ы

Пистолетке қажетті патрондар	Револьверлер	Револьверге қажетті патрондар	Винтовкалар
	Барлығы	Маркасы	Барлығы
	калибері,	нөмірі	калибері
	нөмірі		нөмірі
6	7	8	9
			10
			11

Винтовка мен карабинге қажетті патрондары	Оқу-жаттығу қаруы	Аңшы мылтығы аңшылық қару-жарақтың калибері,	Аңшы мылтығына калибері бойынша қажетті оқ-дәрі маркасы, калибері
	Барлығы	Маркасы,	нөмірі
		нөмірі	нөмірі
12	13	14	15
			16

№ 7-ші қосымша

Бекітемін:

(ұйым, оқу орны басшысының

аты-жөні, фамилиясы, лауазымы)

(қ о л ы)

" " _____ 199 ж.

Оқ-дәріні есептен шығару

Актісі

1. Төмендегі құрамдағы комиссия:

Төрағасы _____
(фамилиясы, аты - жөні)

мүшелері: _____
(фамилиясы, аты - жөні)

2. _____ осы актіні жасау себебіміз
(фамилиясы, аты - жөні)

_____ (бұйрық, сілтеме, жарлықтың айы-күні және нөмірі)

негізінде " __ " _____ 199 ж.

_____ (қарудың түрі, маркасы, калибері)
атқыштар жарысында оқ-жаттығу атысы өткізілді.

Атыс кезінде _____ беттік үлестіру тапсырылуы
көрсетілген тізімге сәйкес:

_____ (қарудың түрі, калибері) _____ (цифрлы, жазбаша саны)

о қ - д ә р і ж ұ м с а л д ы .

Комиссия оқ-дәрілердің үлестірілуі мен жұмсалуының негіздігін
т е к с е р е к е л і п ,

_____ (оқ-дәрілерді жұмсаған ұйым, кәсіпорын, мекеме, оқу орнының

а т а у ы)

_____ (қарудың түрі, калибері) _____ (цифрлы, жазбаша саны)

_____ (қарудың түрі, калибері) _____ (цифрлы, жазбаша саны)
есептен шығаруды ұсынады.

Комиссия төрағасы _____

Комиссия мүшелері: _____

№ 8-ші қосымша

_____ (о қ - д ә р і л е р а т а у ы)

_____ (ұйымның атауы)

қоймасынан оқ-дәрілерді үлестіру
және тапсыру жөніндегі N_____

Тізімі

Рет саны N	Үлестірілген уақыты	Кімге Ф.А.Ж.	Үлестірілген патрондар саны	Патрондарды алғандығы туралы қолы және қолы айы, күні
1	2	3	4	5

Қайта тапсырылды	Жұмсалған патрондар	Жарамсыз патрондар	Атылған гильзалар	Тапсырылған патрондар саны	Қайта тапсырылғандығы туралы қолы және айы, күні
6	7	8	9	10	

тізімде

көрсетілген

оқ-дәріні

(қойма бастығының аты-жөні, фамилиясы, қолы)

(оқ-дәріні сақтауға және үлестіруге берді. _____

жауапты адамның аты-жөні, қолы)

қ а б ы л д а п а л д ы .

"__" _____ 199 ж.

"__" _____ 199 ж.

Үлестірудің (тапсырылудың) дұрыстығын тексерген бастық _____

N 9-шы қосымша

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар
министрлігінің табиғат қорғау жөніндегі
мемлекеттік инспекторлары үшін тағайындалған
о қ - д ә р і л е р д і ң
М ө л ш е р і

Қару атауы

Бір ұңғылы
| үшін төменде. |

Бір жылда жұмсалатын

| тілемейтін

| Бір адамның

| Бір ұңғылы

| қоры

| тәжірибесі үшін

| мылтықтан ату

|

|

|

| ү ш і н

1		2	3	4
П и с т о л е т		3 2	2 4	8
Р е в о л ь в е р		2 8	2 4	8
К а р а б и н	60	20	8	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК